

ӘЛЕУМЕТТІК РӨЛДЕР МЕН СТАТУС. БІЗ  
ОЙНАЙТЫН ӘЛЕУМЕТТІК РӨЛДЕР. СӘТТІЛІК ЖӘНЕ  
СӘТСІЗДІК ТӘЖІРИБЕСІ. ӘЛЕУМЕТТІК СЕНІМДЕР  
МЕН ПІКІРЛЕР. ДҰРЫС ОЙЛАУ АТРИБУЦИЯСЫ.  
ИНТУИЦИЯ БІЗДІҢ ІШКІ БІЛІМДЕР ПОТЕНЦИАЛЫ  
РЕТІНДЕ. АЛЬТУРИЗМ. МАХАББАТ.



АДАМНЫҢ АСА КҰРДЕЛІ ТАБИҒАТЫ ОНЫҢ ҚОҒАМДАҒЫ ӘР ТҮРЛІ БАЙЛАНЫС-ҚАТЫНАСТАРЫ ҚАЗІРГІ ӘЛЕУМЕТТАНУДА АДАМҒА, ОНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ТҮРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ, АЛУАН ТҮРЛІ МОДЕЛЬДЕРДІ ЖАСАУҒА ҮҚПАЛ ЕТТІ. ОСЫЛАРДЫҢ БІРІ – АДАМНЫҢ БЕЙНЕСІНЕ (ОБРАЗЫН) ӘЛЕУМЕТТІК РӨЛДЕРДІҢ ЖИЫНТЫҒЫ РЕТІНДЕ ҚАРАУ. МҰНЫ ТҰЛҒАНЫҢ РӨЛДІК ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ ДЕЙДІ. БҰЛ ТҰЖЫРЫМДАМАНЫҢ МАЗМҰНЫ МЫНАДАЙ: ҚОҒАМДАҒЫ ӘРБІР АДАМ ОНДАҒЫ АЛУАН ТҮРЛІ ӘЛЕУМЕТТІК ТОПТАРҒА КІРЕДІ. МЫСАЛЫ, ОТБАСЫНА, ОҚУ ТОБЫНА, ДОСТАР КОМПАНИЯСЫНА, ӨНДІРІС ҰЙЫМЫНА. ӘРБІР ТОПТАҒЫ АДАМНЫҢ БЕЛГІЛІ БІР ОРНЫ, ӨЗІНІҢ КӨЗҚАРАСЫ, БАҒЫТЫ БОЛАДЫ, ЯҒНИ БЕЛГІЛІ БІР ТАЛАП-ТІЛЕКТЕР ҚОЙЫЛЫП, ОЛ ОНЫ ОРЫНДАЙДЫ. СОНЫМЕН, НАҚТЫЛЫ ЖАҒДАЙДА БІР АДАМ БІРДЕ ӘКЕ НЕМЕСЕ ШЕШЕ, ЕКІНШІ ЖАҒДАЙДА ОСЫ АДАМ ДОС, ҮШІНШІ ЖАҒДАЙДА БАСТЫҚ БОЛАДЫ, ЯҒНИ НАҚТЫЛЫ АДАМ ӘР ЖАҒДАЙДА ӘР ТҮРЛІ РӨЛДЕРДЕ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАДЫ. ОСЫНДАЙ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ МАҢЫЗЫ, МӘНДІ ЖАҚТАРЫ «ӘЛЕУМЕТТІК РӨЛ», «ӘЛЕУМЕТТІК СТАТУС» ҰҒЫМДАРЫН ТУДЫРАДЫ.


*ӘЛЕУМЕТТІК РӨЛ- БЕЛГІЛІ БІР ӘЛЕУМЕТТІК ҰСТАНЫМҒА ИЕ ЖЕКЕ АДАМ ҮШІН НОРМАТИВТІ ҚОЛДАНАТЫН МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ҮЛГІСІ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН, САЛЫСТЫРМАЛЫ ТҰРАҚТЫ ЖӘНЕ ІШТЕЙ БАЙЛАНЫСТЫ ӘРЕКЕТТЕР ЖҮЙЕСІ.*

- Адамдардың әлеуметтік рөлдері бойына сіңіріп, игеріп, меңгеруі тұлғаны әлеуметтендіру процесінің бір бөлігі, оның қоғамға, топқа толық енуінің негізгі қажетті шарты.
- Әлеуметтік рөлдердің мысалы ретінде адамдардың мамандыққа байланысты рөлін айтуға болады. Әлеуметтік рөлдерді игеріп, меңгеруде адам әлеуметтік тәртіп стандартын игеріп, меңгереді, өзін өзі бағалап, бақылауды іске асырады.
- Жан-жақты дамыған тұлға өзінің рөлдік мінез-құлқын белгілі бір әлеуметтік ситуацияға байланысты пайдаланып оны бейімділік құралы ретінде қолданады. Басқаша айтқанда, рөлдік мінез-құлық дегеніміз, индивидтің (адамның) іс жүзіндегі мінез-құлқы.


## **РӨЛДІК ТҰЖЫРЫМДАМА АМЕРИКАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯСЫНДА XX ҒАСЫРДЫҢ 30-ШЫ ЖЫЛДАРЫ ПАЙДА БОЛДЫ. ОНЫҢ ІРІ ӨКІЛДЕРІ:**

- Кули Чарльз Хортон (1864-1929ж.ж.). Кули Ч.Х. «шағын кіші» топтар теориясының негізін салушылардың бірі, оның «Зеркальное я», «Человеческая природа», «Социальный порядок» (1912ж.), «Социальная организация» (1909ж.), «Социальный процесс» (1918ж.), «Социологическая теория», «Социальное исследование» (1930ж.) деген еңбектері бар. Кулидің жалпы әлеуметтік теорияларының негізінде әлеуметтік ұйым және сананың әлеуметтік процестерді қалыптастырудағы шешуші рөлін мойындау жатыр.
- Мид Джордж Герберт (1863-1931ж.ж.). Мидтің әлеуметтану теориясының пайда болу негізінде өткендегі болған әрекет, оқиға (қысқаша «акт») ұғымы жатыр. Бұл акт ұғымы әрекеттеуші субъектінің шынайы өмірді қабылдаудағы ерекшелігін анықтайды. Мидтің пікірінше, әрекет етуші субъект кең мағынада физикалық «субъект», «тірі форма», «әлеуметтік мен» («я») ретінде қарастырылады. Объектілер ұғымының мазмұны, Мидтің пікірінше, индивидтің өткендегі барлық ерекшелігімен сипатталатын тәжірибесі. Осыған қарай объектілер индивид пен олардың арасындағы қатынастарды бейнелейді.
- Т. Парсонс өзінің әлеуметтік-функционалдық талдау теориясында көп қолданды. Жалпы тұлғаның рөлдік теориясы тұлғаның бейімделу процесін көп дәріптей отырып, оның белсенді, творчестволық жағын жоққа шығарады.

## ӘЛЕУМЕТТІК РӨЛДЕРДІ ҚОҒАМДЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ МЫНАДАЙ ТҮРЛЕРГЕ БӨЛЕДІ:



Әлеуметтік рөлдер- әлеуметтік статус, кәсіп түрі және мамандықпен байланысты. Бұл рөлдер стандартизацияланған, белгілі бір құқықтар мен міндеттер, оларды кімнің атқаратынына қарамастан, негізінде құрылады. Әлеуметтік- демографиялық рөлдерді айқындайды: ерлі-зайыпты, қыз, ұл, немере, ата.. Ер мен әйел де, қоғамдық нормалар мен әдет- ғұрыптармен бекітілген биологиялық айқындалған және жүріс- тұрыстың ерекшеленуімен сипатталатын, әлеуметтік рөлдер болып табылады.



Тұлғааралық рөлдер- адамдар арасындағы эмоционалды деңгейде ретелетін қарым- қатынаспен байланысты (лидер, сүйікті адам, ренжулі адам)

ӘЛЕУМЕТТІК РӨЛДЕРДІҢ НЕГІЗГІ СИПАТТАМАЛАРЫ  
АМЕРИКАНДЫҚ ӘЛЕУМЕТТАНУШЫ ТОЛКОТ  
ПАРСОНСПЕН АЙҚЫНДАЛҒАН. ОЛ КЕЗ- КЕЛГЕН РӨЛДІҢ  
ТӨРТ ТҮРЛІ СИПАТТАМАСЫН ҰСЫНДЫ:

Масштабы бойынша- кейбір рөлдер шектелген, ал басқалары шектелмеген. Мысалы, ерлі- зайыптыларды алуға болады.

Рөлді иелену тәсілі бойынша- адам үшін аталған рөл қаншалықты сөзсіз екендігіне байланысты. Мысалы қарт, жас бала. Басқа рөлдер өмір сүру барысында пайда болады, мысалы, профессор, студент, т.б.

Ресмилік сипатына байланысты: ресми және бейресми. Мысалы, МАИ қызметкерінің жол жүру ережесін бұзған адаммен ресми түрде қатынасқа түседі, ал жақын достар арасында бейресми болады.

Мотивация түрлеріне байланысты- адамның мақсаты мен қажеттіліктеріне қатысты. Ата- аналар өздерінің балаларының мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында, қызметкер өзінің жұмысында жетістіктерге жету үшін қызмет атқарады.

## ӘЛЕУМЕТТІК СТАТУС РЕТІНДЕ АДАМНЫҢ ҚОҒАМДА АЛАТЫН ОРНЫ ТАНЫЛАДЫ.

- Әрбір адам түрлі әлеуметтік топтардың қатысушысы, сәйкесінше әртүрлі статустардың иесі болып табылады.
- Тұлғаның өзі немесе оның жанындағы адамдар негізгі деп санайтын статусы басты статус деп аталады. Көбінесе бұл кәсіби немесе отбасылық статус, сонымен қатар адам көбірек жетістіктерге жеткен саладағы статусы.
- Адам әр түрлі статустарға ие болуы мүмкін. Мысалы, оның статустық жиынтығы мынандай болуы мүмкін: ер адам, басы бос, техникалық ғылымдардың кандидаты, қазақ, т.б.



## Әлеуметтік статус

```
graph LR; A[Әлеуметтік статус] --- B[Белгіленген]; A --- C[Қол жеткізген]; A --- D[Аралас];
```

**Белгіленген** – адамға тумысынан, оның тілегі мен ынтасына байланысты емес, тиісті статус (жынысы, ұлты, нәсілі, т.б.)

**Қол жеткізген** – индивидтің өзінің қызметіне байланысты (білімі, лауазым, т.б.)

**Аралас** – белгіленген және қол жеткізген элементтерінен тұрады (зейнеткер, олимпиада жеңімпазы, т.б.)

# НАҒЫЗ ТАБЫС – БҰЛ НАҒЫЗ ЕҢБЕКТИҢ ЖЕМІСІ.

- Көптеген кітаптар бізге өзімізге сенімді болуға, әрдайым тек позитивті ой ойлап, бәрінің сәтті аяқталатынына сенімді болуға шақырса да, ешқашан бірдеңенің 100% сәтті аяқталатынына сенімді болмау керек. Егер сен өз жеңісің мен басқалардан биік екеніңе тым сенімді болсаң босаңсып, зейініңді жоғалтасың. Айналаңдағыларды жете бағаламау қауіпті болады, өзіңді асыра бағалап, тумаған сиырдың уызын ішу де – қауіпті. Сондықтан жеңілісті де, жеңісті де бірдей күте біл – осылайша сәтсіздікті оңай қабылдайсың, әрі қатты жабықпайсың. Иә, бас тарту мен сәтсіздіктер үшін қайғыру – бұл кез келген адамның жағымсыз оқиғаға қалыпты реакциясы. Тағдырға сену немесе сенбеу – әркімнің жеке шаруасы. Өз күшіне сенетіндер де, жауапкершілікті тағдырға итере салатындар да өкініш пен қателіктен сақтандырылмаған. Егер былай болғанда, қалай болар еді деп бас қатыратындар көп. Тіпті басқаша болғанда сәттілікке жететініне шүбәсіз сенетіндер бар. Бірақ тәжірибе көрсеткендей, әр нәрсенің өз қайыры болады.


*Сәттілік – бұл уақытында берілетін мүмкіндік емес, бұл – мүмкіндік беріліп тұрғанда соны қабыл алуға дайын болу.*

*Жеңіліс немесе сәтсіздікті жеке басыңды қорлау немесе зәбір деп түсінбе.*

*Қателік адамды шыңдап, басқа биіктіктерді бағындыруға итермелейді, ал кейде күткеннен де зор табысқа әкеліп жатады.*

*Дұрыс және дұрыс емес, жақсы немесе жаман шешімдер болады – қандай шешім қабылдасаң да сен белгісіздікке қадам жасайсың.*

*Өміріңде әлі көптеген өзгерістер мен жақсылықтар орын алады – уақыт өткен сайын барлық қиындықтар мен жамандықтар ұмытылады*

A man in a brown suit, white shirt, and patterned tie is shown from the chest up, looking upwards with a joyful expression. He is holding a wide, multi-colored ribbon (red, purple, blue) that stretches across the top of the frame. The background is a clear blue sky. The overall mood is one of triumph and success.

Барлық нәрсенің себебі бар. Егер жағымсыз бірдеңе орын алса оның астарында жақсылыққа деген ұмтылыс болғанына шүбә келтірмейміз. Оның астарын және себебін қазір көре алмасаң – уақыт өте келе бәрі өзі айқындала бастайды. Өзірге қорытынды жасап, қателіктермен жұмысты жалғастыр.


ӘЛЕУМЕТТІК ПІКІР-ЖАЛПЫ АЛҒАНДА БҰЛ ҚОҒАМДА БАЙҚАЛАТЫН ПОЗИЦИЯЛАР МЕН ЖҮРІС ТҰРЫСТЫҢ МАҚҰЛДАУ НЕМЕСЕ ЖАҚТЫРТПАУ. ӘЛЕУМЕТТІК ПІКІР БОЛЫП ЖАТҰАН ОҚИҒАНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫН БІЛДІРЕДІ. ТЕОРИЯДА ӘЛІ КҮНГЕ ТШЕЙІН ТАЛҚЫЛАНЫП ЖАТҚАН БІРНЕШЕ БАЗАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР БАР:

1. Субъектіні анықтап,  
оны  
интерпретациялау

2. Маңыздылық  
дәрежесі

3. Әлеуметтік пікір  
мен сенімдердің  
мазмұны

- Субъектіні анықтап, оны интерпретациялау антикалық философиядан бастау алады. Протагордың ойынша әлеуметтік пікір- жалпықоғамдық пікір, ал Платон бойынша ол аристократияның пікірі. Бірінші пікірді ұстанытындардың ойынша әлеуметтік пікір бұл халықтың мемлекеттік істерге араласуға мүмкіндік беретін құрал, ал екіншілер бұл керісінше элитаның халыққа, көпшілікке үстемдік етуге мүмкіндік беретін құрал деп санайды.
- Хабермастың ойынша, бұл құқық пен саясатпен әрқашан байланысты болатын құбылыс, яғни ол әрқашан ресми болады, және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таралады.
- Луманның ойынша субъектілер әрқашан әр қилы, ең маңыздысы бұл тақырып, яғни мазмұны. Ал мазмұн болып, ең өзекті тұрған мәселе табылады.
- Э.Ноэль-Нойман концепциясы бойынша, рух деп аталатын әлеуметтік пікірдің мазмұны массалық коммуникациялармен туындайды да, жеке индивидтерге әсер етеді. Бұл жерде «үндемеу спиралі» туралы айтуға болады. Оның негізі, жеке тұлғалардың жалғыздықта қалу қорқынышы, яғни өз ойын жалпыға айта алмау.
- Мертонның теориясы бойынша, бүкіл адамдар ортақ пікірге, келісімге келгісі келеді. Теория бойынша, әлеуметтік пікірдің басты қызметі әлеуметтік бақылау.


- 
- A woman with long brown hair, wearing a bright yellow t-shirt, is seen from the chest up, reaching upwards with both hands to hold a large cluster of colorful balloons. The balloons are in various colors including red, blue, yellow, green, purple, and white. The background is a clear blue sky with scattered white clouds. A large, vibrant rainbow-colored ribbon or banner is visible at the top of the frame, partially obscuring the balloons.
- **Дұрыс ойлау**- бұл сыртқы әлеммен үйлесім, өмірдің барлық процестерінің ұйымдастырылуы мен өзінің қалыпты нормасында сақталуына негізделген өмірдің табиғи процесі.
  - Синонимдері: «жаңа ойлау», «позитивті ойлау», «менталды позитивизм»
  - **«Позитивті ойлау»** әдісі: дұрыс ойлауды қолданатын тұлға оптимистік және конструктивтік көңіл-күйдің ұзақ уақытқа сақталуына жетеді, соған сәйкес өмірге деген қанағаттанушылығы артады және өмір сапасы жақсарады.


- Позитивті ойлау ХІХ ғасырдың екінші жартысында Р. У. Эмерсон және оның «Трансценденталист» атты еңбегінің рухани әсерінің негізінде туындады. Кейіннен ол америкалықтар Квимби, Р. У. Трайн және П. Мэлфордпен дамытылды.
- Еуропада «месмеризм» және Куэ әдісі дамып жатты.
- Жапонияда М. Танигутиді атауға болады.
- Германияда бұл тақырыпта О. Шеллбах («менталды позитивизм институты» 1921 жылдан бастап) пен К. О. Шмидт жұмыс жасады.
- Қазіргі кезде теориялық зерттемелердің саны азайып, позитивті ойлау тақырыбындағы практикалық талдаулардың кең өріс алуы үрдіске айналды. Алайда, сонымен қатар, адамның өзінің амандығы үшін жеке өзінің жауаптылығы, басқа адамдардың қателіктерін немесе жағымды тәжірибесін қолдану үрдісі де байқалады.



**ИНТУИЦИЯ** – БҰЛ АДАМНЫҢ БЕЛГІЛІ БІР БІЛІМІНЕ СҮЙЕНБЕЙ, САНАСЫНАН ТЫС, БОЛЫП ЖАТҚАН ЗАТТЫ ТЕЗ АРАДА ТҮСІНЕ АЛУ ҚАБІЛЕТІ.

- Мистикалық интуиция – бұл тылсым күшпен берілетін білім, рационалды интуиция – адамның тәжірибесіне негізделеді.
- Ер адамдар шешім шығару үшін көбінесе, басына жүгінеді, себебі, бұл еш артық сөзсіз бәрі түсінікті. Әйел адамдар өзінің ішкі сезімімен және денесімен өмір сүреді. Олардың интуитивті шешімі, олардың өзіне қолайлы, өзін-өзі тұрақты сезіне алатын шешімі.
- Ақылгөй адам өзінің интуициясына сеніп отырса, оған құлақ түрген дұрыс. Себебі, бұл интуиция адамның тәжірибесіне, профессионалдығына негізделеді және сый- құрмет туғызады. Белгілі бір іс – әрекетті қайталана берсе, ол жерде адам жәйбірахаттанып, ойланбай интуитивті шешімдер жасай береді.

- 
- Тәжірибелі адам жаңадан жұмысқа келген адамнан қарағанда көп затты байқап тұрады. Көп жыл бойы оған салада жұмыс жасаған адам еш логикаға сүйенбей, тәжірибесіне сүйенеді. Мен сезіп тұрмын дейді.
  - Самолеттің конструкторы, егер білімді болса, самолетке қарап, оның болашақтағы ұшу перспективасын айта алады.
  - Тәжірибелі психолог, психиатр жаңадан келген тұлғадан қарағанда қоршаған адамдардың мінез –құлқын айтып бере алады.
  - Әйел адамдардың интуициясына эмоциялары, көңіл-күйі, үміттері мен қорқыныштары араласса, көп қателіктер жібереді.



**Альтруизм** (лат.  
*Alter*- басқа,  
басқалары)

Басқалардың амандығына риясыз  
қамқорлық жасаумен байланысты  
белсенділікті білдіретін ұғым

**Альтруизм - это сила воли,  
основанная на сострадании.**

(Далай-лама XIV)

- Альтруизм түсінігін француз философы және социологияның негізін салушы Огюст Конт енгізді. Ол альтруизмді басқа адамдар пайдасына бағытталған риясыз әрекеттер деп сипаттайды. Конт пікіріне сәйкес: «Басқалар үшін өмір сүр».
- Чарли Л. Харди, Марк ван Вугт,-Дэвид Миллер и Дэвид Келли- өздерінің зерттеулерінде «альтруизм және альтруистік мінез- құлық тікелей пайда табумен байланысты емес, бірақ келешекте альтуристік әрекетке жұмсалған күшке қарағанда, көбірек артықшылықтарды туындатады» деген пікірді білдірді.
- Джонатан Сеглоу пікіріне сай, альтруизм- бұл субъектінің ерікті, тәуелсіз актісі, алайда ол өзінің альтруистік сипатын жоғалтпай жүзеге аса алмайды.
- Орыс философы Владимир Соловьев: альтруизмді аяныш сезімінен туындайтын адамның табиғатының шынайы көрінісі деп сипаттайды.

## АЛЬТРУИЗМНІҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ:

Моральді немесе нормативті альтруизм- адамның өз ар-ұятына сәйке әрекет етуі.

Аяныш немесе ұнату сезімінен туындайтын альтруизм

Рационалды альтруизм- адамның өзінің және басқа тұлғаның мүдделерінің арасында балансты ұстаумен сипатталады

**МАХАББАТ** – БҰЛ АДАМҒА ТӘН, БЕЛГІЛІ БІР АДАМҒА НЕ  
ОБЪЕКТІГЕ ТЕРЕҢ СҮЙІСПЕНШІЛІК НЕ БАУЫР БАСУШЫЛЫҚ  
СЕЗІМІ.



Махаббатты философиялық категория ретінде қарасақ, бұл махаббатқа бағытталған, екінші жартысын табуы арқылы жүзеге асырылатын адамдардың қарым - қатынасы.

Махаббат – бұл бақыттың маңызды көрсеткіші.

Махаббат бүкіләлемдік мәдениет пен шығармашылықтың ең көп тараған тақырыбы.

# **ВЛАДИМИР СЕРГЕЕВИЧ СОЛОВЬЕВ МАХАББАТТЫ БІР ТІРІ ЖАННЫҢ БАСҚА БІР ЖАНҒА ҚОСЫЛЫП, БІРІГІП ӨМІР СҮРУГЕ ТАЛПЫНЫСЫ ДЕП ҚАРАСТЫРҒАН, ЖӘНЕ ҮШ ТҮРГЕ БӨЛІП ҚАРАСТЫРҒАН.**

- Өзіне алудан қарағанда, көбірек беретін махаббат – бұған ата-ананың балаға деген махаббатын жатқызады, әсіресе ананың балаға деген махаббатын айтқан. Бұл адамдардың арасында үлкендердің кішілерге қамқорлығы, әлсіздерді күштілердің қорғауы, сөйтіп, бұл ұлттық, мемлекеттік дәрежеге дейін жетеді деген.
- Өзгеге беруден қарағанда, көбірек алатын махаббат – бұл санатқа балалардың ата – анаға деген махаббатын жатқызады. Сонымен қатар үй жануарларының өз иелеріне бауыр басуын, әсіресе, үй жануарларының адалдығын жатқызсақ болады. Адамдардың пікірінше бұл махаббат өмірден өтіп кеткен жақындарына тарай береді. Сонымен қатар, бұл адамның діни дамуында Бір Құдайды жақсы көруі.
- Өзгеден алуы мен беруі теңдей жүретін махаббат–бұған ерлі–зайыптылардың махаббатын жатқызсақ болады. Сонымен қатар, ата-анамен балалардың тұрақты махаббаты мен жануарлардың өзінің баларына деген махаббатын жатқызамыз. Бұл махаббаттың толықтай жоғары дәрежеге жетуі, ерлі – зайыптылар мен қоғамның қарым –қатынасын жоғарғы идеалды шыңға шығарады.



# ЭТИКАЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ҚАРАҒАНДА, 3 ҚҰРАМ БӨЛІКТЕН ТҰРАДЫ:

Аяушылық – ата-ананың махаббаты.


Қастерлеу - балалардың ата-анасын жақсы көруі,  
осыдан туындайтын діни махаббат.

Уялу сезімі- бастапқы екі элементтен туындайтын  
ерлі –зайыптылардың махаббаты.













***НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!***